

улучшению управления прибрежными районами и сохранению окружающей среды в долгосрочной перспективе.

Ключевые слова: Северный Каспий, береговая линия, динамика изменений, эрозия, аккреция, дистанционное зондирование, антропогенное воздействие, экосистема, изменение уровня воды.

Поступила в редакцию: 26.01.2025

Одобрена: 29.03.2025

Первая публикация на сайте: 13.08.2025

МРНТИ: 06.35.35

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2025-4.05>

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТІ

*¹Ә.ЫБРАЙ^{ORCID}, ¹Б.А.АЛИБЕКОВА^{ORCID}

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)

*assiyaybray@gmail.com, alibekova_ba@enu.kz

Аңдатпа

Бұл мақалада Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асырудағы мемлекеттік аудиттің рөлі қарастырылады. Тұрақты даму мақсаттары – Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған әлеуметтік-экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғау арасындағы теңгерімді қамтамасыз ететін бағдарлама. Бұл мақсаттарды орындау – кез келген елдің ұзақ мерзімді дамуының алғышарты. Мемлекеттік аудит – осы мақсаттарға жетудегі маңызды құрал, ол ресурстардың тиімді және ашық пайдаланылуын қадағалап, Тұрақты даму мақсаттарына жетуге бағытталған әрекеттердің нәтижелілігін айқындауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік аудит нәтижесінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының тұрақты дамудың күн тәртібін жүзеге асырудағы тиімділігіне баға беруге болады. Мақалада Тұрақты даму мақсаттарының мемлекеттік аудитін қызметіне енгізген Финляндия, Түркия және Ресейдің Жоғары аудит органдарының тәжірибелері талданады. Қазақстанның Тұрақты даму мақсаттарына жету көрсеткіштері талданып, оларды жақсарту жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: Тұрақты даму мақсаттары, Біріккен ұлттар ұйымы, мемлекеттік аудит, халықаралық тәжірибе, есептілік, тиімділік.

Кіріспе

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) қабылдаған, адамзаттың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоршаған ортаны қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтауды көздейтін 2030 жылға дейінгі ғаламдық дамудың басымдықтарын айқындайтын бағдарлама [The 17 goals]. Тұрақты даму мақсаттарының мемлекеттік аудиті осы салалардағы мемлекеттік басқару жүйесіндегі кемшіліктерін анықтап, оларды жою бойынша ұсыныстар береді. Аталған мақсаттарды орындау әрбір мемлекеттің мүддесінде, ал оларға жетуде мемлекеттік аудит аса маңызды рөлге ие.

Негізгі бөлім

Қазақстан үшін Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) елдің ұлттық даму саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Экономиканы әртараптандыру, әлеуметтік әл-ауқатты арттыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету ТДМ-ның негізгі қағидаттарына толық сәйкес келеді. Бұл мақсаттарға қол жеткізу Қазақстанның халықаралық деңгейдегі беделін арттырумен қатар, ұзақ мерзімді тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік аудит ТДМ-ға жету жолындағы маңызды құрал ретінде қарастырылады. Ол мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұлттық ресурстарды пайдалануының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ «...жаһандық пайымды, елдің орнықты дамуының ұзақ мерзімді бағыттары мен басымдықтарын айқындайтын мақсат қою құжаттарына негізделген» Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің

(МЖЖ) құжаттарының тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді [ҚР ҰҚ, 2017]. Бұл азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы сенімді нығайтып, тұрақты дамуға бағытталған күш-жігердің табыстылығын арттырады.

Мақаланың мақсаты – мемлекеттік аудиттің Тұрақты даму мақсаттарына жетудегі рөлін талдау, халықаралық тәжірибелерді қарастыру және Қазақстанның осы бағыттағы даму перспективаларын бағалау.

Әдістер

Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) аудиті – нәтижелері азаматтарға бағытталатын, қоғам хабардарлығын арттыруға бағытталатын процес. Мұндай аудит мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, азаматтық қоғамның, кәсіпкерлердің, ғылыми ұйымдардың және халықаралық серіктестердің өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Осы орайда біз зерттеу барысында халықаралық ғылыми және арнайы әдебиетті қарастырдық. Сондай-ақ, Қазақстан мен өзге мемлекеттердің тұрақты даму мақсаттарына жету нәтижелерін саралай келе, бұл мақсаттарға жету деңгейі бойынша дүние жүзі бойынша және Қазақстанның негізгі серіктестерінің арасында жоғары нәтиже көрсеткен мемлекеттердегі ТДМ аудиті тәжірибесін қарастырдық.

Мемлекеттік аудит ТДМ орындауда маңызды рөл атқарады. Ол мемлекеттік ресурстарды пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді, бағдарламалардың нәтижелілігін бағалайды және қоғамдық сенімді арттырады. Аудит арқылы ұлттық және халықаралық деңгейде қабылданған саясаттардың орындалу барысы бақыланып, кемшіліктер анықталады, бұл ТДМ-ға қол жеткізудің тиімді стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік аудит азаматтық қоғаммен, бизнес секторымен және халықаралық серіктестермен ынтымақтастықты нығайта отырып, тұрақты даму үдерісін жан-жақты қолдайды.

Халықаралық Жоғары аудит органдары (ЖАО) ТДМ-ын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. ТДМ-ның орындалуын бақылаудағы ЖАО рөлі 2016 жылы Абу-Дабиде өткен INCOSAI XXII конгрессінде талқыланған екі негізгі тақырыптың бірі болды. Конгресс Жоғары аудит органдарының Тұрақты даму мақсаттарының аудитін және бақылауын жүргізуге қызығушылығын растады. INCOSAI XXII-де келесі төрт тәсіл арқылы ТДМ-ын тексеру қарастырылды:

- ұлттық үкіметтердің ТДМ-ны іске асыруға дайындығын бағалау;
- ТДМ контекстінде тиімділік аудитін жүргізу,
- тиімді, есеп беретін және ашық институттарды қарастыратын 16-ТДМ іске асыруға үлес қосу;
- ЖАО-ның өз қызметінде ашықтық пен есеп беру үлгісі ретінде әрекет ету мүмкіндіктері.

INTOSAI-дың 2023-2028 жж. арналған стратегиялық жоспарының негізгі басымдықтарының бірі – 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібіне жетуге үлес қосу. INTOSAI өзінің жұмыс органдары мен аймақтық ұйымдары арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму жөніндегі 2030 жылға дейінгі күн тәртібіне қол жеткізуді қолдау үшін ұлттық бастамалардың аудитін жүргізетін ЖАО-ның әрекеттерін қолдайды [INTOSAI, 2022].

INTOSAI-дың ТДМ және тұрақты дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша жұмыс тобы дайындаған «Аймақтық деңгейде тұрақты даму мақсаттарының аудиті бойынша практикалық ұсыныстарына» сәйкес ТДМ аудиті тұрақты даму мақсаттарына қатысты стратегиялық мақсаттарды (немесе ұлттық және аймақтық келісілген мақсаттарды) жүзеге асыру бойынша үкімет қабылдайтын шаралар туралы дәлелдер мен ақпаратты зерттеу арқылы дәлелдемелер алу үшін жүргізіледі.

ТДМ аудитінің мақсаттары мыналарды қамтиды:

- тұрақты даму принциптерінің заңнамалық базаларға, сондай-ақ стратегиялық жоспарлау құжаттарына және басқа да құжаттарға интеграциялануын бағалау;
- жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін, ведомствоаралық өзара іс-қимылын және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуін бағалау;

- ТДМ іске асыруға байланысты іс-шараларды қаржыландыруды бағалау және оларға қол жеткізу көрсеткіштерінің мониторингі.

Мемлекеттік басқару жүйелерінің Тұрақты даму күн тәртібін іске асыруға дайындығына аудит жүргізу кезінде INTOSAI жеті сатылы бағалау үлгісін пайдалануды ұсынады:

- стратегиялық жоспарлау жүйесі;
- құқықтық реттеу;
- ведомствоаралық өзара іс-қимыл;
- мүдделі тараптардың өзара әрекеттесу механизмдері;
- ашықтықты қамтамасыз ету;
- ресурстық қолдау;
- мониторингті ұйымдастыру [INTOSAI, 2023].

EUROSAI Жоба тобы дайындаған «ТДМ аудиттері бойынша мемлекеттер деңгейіндегі БҰҰ-ЖАО ынтымақтастығы: аудиторларға арналған ұсыныстар» құжатына сәйкес ТДМ аудитінің бірінші сатысы тақырыпты таңдау кезеңі болып табылады, онда қандай тақырыптар тексерілетіні анықталады. Аудит тақырыптарын анықтау үшін алдымен аудиторлар жалпы зерттеулер жүргізіп, мүмкін болатын аудит тақырыптарын талдап, маңыздылығына қарай тізімдеу керек.

Зерттеулерден кейін келесі негізгі ақпаратты қамтитын аудит тақырыптары дайындалады:

- аудит мақсаты және негізгі сұрақтарын анықтау;
- аудит пәні бойынша ақпарат;
- маңыздылық.

INTOSAI-P 12 «Жоғары аудит органдарының құндылығы мен артықшылықтары» аудиторлық тексерулер арқылы азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және жоғары әлеуметтік маңызды мәселелерге назар аударуға баса назар аударады. Сонымен қатар, маңыздылықты бағалау кезінде ескерілетін тағы маңызды мәселе – ТДМ-мен байланыс. ТДМ-на тікелей қатысты мәселелер маңызды деп қарастырылуы керек;

- проблемалар мен тәуекелдер бар салалар;
- аудитке жарамдылығы.

Аудиторларға арналған ұсыныстарында EUROSAI Жоба тобы ТДМ-на жүргізілетін аудит сұрақтарының негізгі 4 тобын белгілейді:

- макро деңгейдегі заңды негіз;
- институционалды деңгейдегі заңды негіз;
- енгізілу деңгейі;
- мониторинг және бағалау жағдайы.

Макро деңгейдегі заңды негіз бойынша сұрақтардың мақсаты – ТДМ-ның ұлттық нормативтік құқықтық актілерге (НҚА) енгізілуін бағалау, қандай негізгі мақсаттар қойылып, қандай саясат пен бағдарламалар енгізілгенін және БҰҰ бөлімшелерінің осы бағдарламалық құжаттарды дайындау процесіндегі рөлі қандай екенін бағалау [EUROSAI Project Group, 2023].

Осы топтар бойынша құжатта қамтылған аудит сұрақтарының мысалдарын Қосымша А-да берілген.

Халықаралық Жоғары аудит органдары Тұрақты даму мақсаттарының орындалуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. INCOSAI XXII конгресі ЖАО-ның ТДМ аудитіне қызығушылығын растап, олардың ұлттық үкіметтердің дайындықтарын бағалаудағы, тиімділік аудиттерін жүргізудегі және ашықтық пен есеп беру үлгісін қалыптастырудағы рөлін айқындады. INTOSAI 2023-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында ЖАО-ның ТДМ аудитін қолдауын күшейтіп, жеті сатылы бағалау үлгісін қолдануды ұсынады. Сонымен қатар, EUROSAI ұсынымдары аудиттің маңыздылығын, аудит тақырыптарын анықтау әдістерін және негізгі сұрақтар топтарын нақтылайды, бұл ЖАО-ға ТДМ-ға қатысты ұлттық және аймақтық деңгейдегі тиімді бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық ЖАО ТДМ-ның жеке немесе жалпы орындалу деңгейінің мемлекеттік аудитін жүргізуді өз тәжірибесіне енгізіп жатыр. ТДМ-ның орындалуына мемлекеттік аудит жүргізген ЖАО-ның мұндай іс-шара барысында қолданған әдістемелерін қарастырайық.

Финляндияның Ұлттық аудит кеңсесі 2019 «Тұрақты дамуға жәрдемдесу» тақырыбындағы тиімділік аудитінің қорытындысында аудит барысында қарастырылған негізгі мәселелер мен қосалқы мәселелер көрсетілген [National Audit Office of Finland, 2019]:

1. Үкімет тұрақты дамуға жәрдемдесу нәтижесінде болған орталық мемлекеттік органдар шығындарын есепке алды ма?
 - Тұрақты дамуды ілгерілетуден туындайтын шығындар есепте ұсынылып, есепті дайындау кезінде бағаланды ма?
 - Тұрақты даму нәтижесінде орталық үкіметтің шығындары Бюджетте нақты көрсетілген бе?
2. Үкімет өз қызметін есепте баяндалған саясат принциптеріне сәйкес дамытты ма?
 - Іс-шараларды жүзеге асыру үшін Үкімет қандай шаралар қабылдады?
 - Іс-шаралар жоспарланған көлемде орындалды ма?
 - Қандай факторлар іс-шараларды жүзеге асыруға кедергі келтірді немесе оған толықтай кедергі болды?
3. Министрліктер өз қызметінде тұрақты дамуды қарастыру кезінде тиімді әрекет етті ме?
 - Министрліктердің өз қызметі тұрақты дамумен қалай байланысты?
 - Министрліктер тұрақты дамуды өз процестеріне қалай енгізді?
 - Үйлестірушінің міндеттері мен мәртебесі қандай?
 - Министрліктер саясатты дайындау кезінде тұрақты дамуды есепке алу рәсімдерін белгіледі ме?
4. Үкіметте тұрақты дамуды бақылау мен бағалаудың және ол туралы есеп берудің механизмдері бар ма?
 - Үкімет халықаралық және ұлттық тұрақты даму мақсаттарына, сондай-ақ орталық үкімет үшін Үкімет қабылдаған мақсаттарға, іс-әрекеттерге және жұмыс қағидаттарына сәйкес мониторинг механизмін құрды ма?
 - Үкіметте парламенттік пікірлердің орындалуын бақылаудың тиісті жүйесі құрылды ма?
 - Үкімет халықаралық және ұлттық деңгейде тұрақты дамуды ілгерілетудегі нәтижелерін бағалады ма?
 - Үкімет халықаралық және ұлттық деңгейде тұрақты дамуды ілгерілету бойынша тиісті есептерді шығарды ма?

Түркия Есеп соты 2020 жылы Тұрақты даму мақсаттарын енгізуге дайындық процесіне бағалау жүргізді. Бұл іс-шара барысында аудиторлар негізгі үш сұрақ қойды:

1. ТДМ жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер дұрыс құрылды ма?
2. ТДМ және тиісті көрсеткіштер мониторингі үшін деректерді жинау, талдау және есеп беру процестері тиімді нәтиже беретіндей жүзеге асырылды ма?
3. Ұлттық деңгейде ТДМ-ның орындалуын бағалайтын және есеп беретін қалыптасқан жүйе бар ма? [Turkish Court of Accounts, 2020].

Ресей Есеп палатасы 2020 жылы Тұрақты даму күн тәртібін жүзеге асыру бойынша мемлекеттік басқару жүйесінің жұмысына талдау жүргізді. Аудиторлық іс-шара келесі бөлімдерден тұрды:

- тұрақты даму бойынша күн тәртібінің ережелері Ресей Федерациясының заңнамасына қалай енгізілгенін талдау;
- стратегиялық жоспарлау құжаттарының және Тұрақты дамудың күн тәртібінің сәйкестігін бағалау;
- ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүйесін бағалау және Тұрақты даму бойынша күн тәртібін іске асыруға федералды атқарушы билік органдарының қатысуы;

- тұрақты дамудың күн тәртібін іске асыру үдерісіне сарапшылар қауымдастығын, іскерлік қауымдастықты, азаматтық қоғам институттарын және жалпы жұртшылықты тартудың қолданыстағы тетіктерін талдау, олардың қатысуының ағымдағы деңгейін бағалау;
- тұрақты даму күн тәртібін іске асыруға қатысатын федералдық атқарушы билік органдарына адами, қаржылық, ақпараттық және технологиялық ресурстардың қолжетімділігін талдау;
- тұрақты даму бойынша күн тәртібін іске асыру бойынша федералдық атқарушы билік органдарын әдістемелік қамтамасыз етуді талдау;
- тұрақты дамудың күн тәртібін іске асыру кезінде федералдық атқарушы билік органдарының қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету тетіктерін талдау [Accounts Chamber of the Russian Federation, 2020].


Финляндия, Түркия және Ресей сияқты елдердің ЖАО аудиторлық іс-шаралары нормативтік құқықтық базаны, үкімет қызметінің тиімділігін, ведомствоаралық үйлестіруді және есептілік механизмдерін жан-жақты талдауға бағытталған. Бұл тәжірибелер ТДМ-ның жүзеге асырылу деңгейін анықтап, жетілдіру жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді, сонымен қатар ТДМ-на байланысты шешімдердің ашықтығын және қоғам мүддесіне сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Жыл сайын дайындалатын ТДМ рейтингінде БҰҰ-на мүше мемлекеттер ТДМ-на жету көрсеткіштері бойынша орналастырылады. Бұл көрсеткішті ТДМ-ның орындалу пайызы деп түсінуге болады, 100 ұпайлық шкаладағы максималды ұпай мемлекеттің барлық ТДМ-на жеткенін білдіреді.

2024 жылғы ТДМ рейтингінде Финляндия 86,35 ұпаймен көш бастап тұр, ал екінші орынды Швеция 85,7 ұпаймен алған. Үздік үштікті Дания 85 ұпаймен қорытындылап тұр. Қазақстан аталған рейтингте 167 мемлекеттің ішінде 66-орын алған [Sustainable development report rankings, 2024].

Тұрақты даму мақсаттары бойынша есепте Қазақстан Шығыс Еуропа және Орталық Азия аймағында қарастырылған. Төмендегі сурет арқылы Қазақстанның ТДМ жету бойынша көрсеткішін осы аймақтағы басқа мемлекеттердің көрсеткіштерімен салыстыра аламыз.

1-суреттен Қазақстан ТДМ-на жету көрсеткіші бойынша Шығыс Еуропа және Орталық Азия аймағындағы басқа мемлекеттермен салыстырғанда төмен нәтиже көрсеткен елдер қатарында екенін байқай аламыз [Sustainable development report country profile Kazakhstan, 2024].



1-сурет. 2024 ж. Шығыс Еуропа және Орталық Азия мемлекеттерінің ТДМ рейтингіндегі орындары. Ескерту: авторлармен әдебиет негізінде құрылған


Аймақтағы көшбасшы – Хорватия. Бұл мемлекет 82,2 ұпаймен жалпы рейтингте 8-ші орынға жайғасқан. Аймақ бойынша Хорватиядан кейінгі 2-ші және 3-ші орынды Молдова мен Беларусь сәйкесінше, 78,8 және 78,6 ұпаймен иеленген. Орталық Азия елдерінің ішінде ең жоғары көрсеткіш Қырғызстанда. Бұл ел 74,2 ұпаймен жалпы рейтингте 48-орын алған. Қазақстан 71,1 ұпаймен 66-орын алса, Өзбекстан 69,2 ұпаймен 81-ші, Тәжікстан 67,1 ұпаймен 89-шы, Түрікменстан 67,1 ұпаймен 94-орынға орналасқан.

2024 жылғы Тұрақты даму есебіне сәйкес Қазақстан 1-ТДМ – Кедейлікті жою мақсатын орындады. Алайда басқа ТДМ бойынша елімізде елеулі мәселелер бар. 7 ТДМ бойынша маңызды және 5 ТДМ бойынша аса маңызды мәселелер бар. ТДМ-ның 6-уы стагнацияға ұшырап, 2-уі бойынша көрсеткіштеріміз төмендеп бара жатыр, ал 7 ТДМ бірқалыпты дамып келеді.

Аштықты жою және Құрлық экожүйелерін қорғау бойынша Қазақстанда аса маңызды мәселелер бар және оларды шешу үшін жеткілікті әрекет жасалмағандықтан бұл салалар стагнацияға ұшырап жатыр. Денсаулық пен амандық, Қолжетімді әрі таза энергия, Климаттың өзгеруіне қарсы күрес, Бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар мақсаттары бойынша да елімізде аса маңызды мәселелер бар, алайда Қазақстанның бұл мақсаттар бойынша көрсеткіштері бірқалыпты дамып жатыр. Өкінішімізге қарай, Сапалы білім беру және Теңсіздікті төмендету мақсаттары бойынша ҚР-да мәселелер бар және бұл саладағы еліміздің көрсеткіштері төмендеп бара жатыр. Ал Гендерлік теңдік, Таза су мен санитария, Индустриализация, инновациялар және инфрақұрылым, Жауапты тұтыну мен өндіру мақсаттары бойынша ҚР-да маңызды мәселелер бар және бұл салалар да стагнация ұшырап жатыр. Лайықты жұмыс пен экономикалық өсу, Тұрақты қалалар мен елді мекендер және Тұрақты даму мүдделеріндегі әріптестіктер мақсаттары бойынша Қазақстанда маңызды мәселелер болғанмен, бұл салалар бірқалыпты дамып келе жатыр [БҰҰ Қазақстан, 2025].

Қазіргі таңда Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарына жетуіне бағытталған 185 негізгі іс-шараны қаржыландырады. Оның 137-сі мемлекеттік деңгейде болса, 48-і – аймақтық деңгейдегі іс-шаралар.

Қазақстан Республикасының ТДМ-на жетуіне әртүрлі көздерден қаражат бөлінеді. 2024 жылы елдегі ТДМ-ның орындалуына инвестицияланған қаражат көздерін 2-суреттен көре аламыз [БҰҰ Қазақстан, 2025].




2-сурет. 2024 ж. Қазақстандағы ТДМ-ын орындауға бөлінген инвестициялар, көздері бойынша, АҚШ доллары. Ескерту: авторлармен әдебиет негізінде құрылған

Қазақстандағы ТДМ-ын орындауға 2024 жылы 24,3 млн. АҚШ доллары инвестицияланған. Бұл қаражат ҚР Үкіметінен бөлек, халықаралық ұйымдар мен қорлар, сондай-ақ, Жапония, АҚШ, Италия және Түркия сияқты мемлекеттердің Үкіметтері мен Еуропа Одағы тарапынан бөлініп отыр.

Инвестициялардың негізгі көзі болып 2024 жылы ТДМ-на 5,8 млн. АҚШ долларын бөлген ҚР Үкіметі табылады, Ғаламдық Экологиялық Қор еліміздегі ТДМ-ның орындалуына 4,9 млн АҚШ долларын бөлсе, UNICEF 2,3 млн. АҚШ долларын инвестициялаған екен.

3-суретте 2024 жылы инвестицияланған қаражат тұрақты даму мақсаттары бойынша көрсетілген [БҰҰ Қазақстан, 2025].



3-сурет. 2024 жылы Қазақстандағы ТДМ-ын орындауға бөлінген қаражат, тұрақты даму мақсаттары бойынша, мың АҚШ доллары. Ескерту: автормен әдебиет негізінде құрылған

3-суреттен Қазақстанда 17 ТДМ ішінде инвестициялардың көбі 17-ТДМ – Тұрақты даму мүдделеріндегі әріптестіктерге бөлінетінін байқай аламыз. Бұл ТДМ-на 2024 жылы 2,9 млн. АҚШ доллары, яғни жалпы инвестициялардың 12% бағытталған. Ең көп инвестиция бағытталған келесі ТДМ – Бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар. Бұл мақсатқа 2,4 млн. АҚШ доллары, яғни жалпы инвестициялардың 10% бағытталған. Бұл құқықтық теңдік қағидаттарына баса назар аударатын халықаралық ұйымдар мен дамыған елдер үкіметтерінің инвестицияларының әсерінен болуы мүмкін. Аштықты жою, Теңсіздікті төмендету, Таза су мен санитария сияқты мақсаттар бойынша еліміздің елеулі мәселелері болғанымен, осы үш мақсатты қоса есептегенде ТДМ-на жұмсалатын жалпы қаржының небәрі 6%-ы осы мақсаттарға жетуге бөлінген. Бұл ТДМ-ын қаржыландыруды жоспарлау процесінде олқылықтар бар екенін көрсетеді.

Нәтижелер және пікір алмасу

Елімізде ТДМ-на жету үшін қадамдар жасалып жатқанымен бірқатар бағыттар бойынша қиындықтар бар. Қазақстанның ТДМ-на жетуіне ҚР Үкіметінен бөлек, әртүрлі халықаралық көздерден қаражат бөлінеді, алайда еліміз үшін аса өзекті кейбір мақсаттарға жеткілікті қаражат бөлінбейді. Осы ретте Тұрақты даму мақсаттарының мемлекеттік аудитін тұрақты түрде жүргізудің қажеттілігі байқалады. Мемлекеттік аудит қаржылық ресурстарды басқарудың ашықтығын қамтамасыз етіп, қателіктерді дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның ТДМ бойынша нәтижелерін жақсартып, мақсаттардың орындалуындағы тиімділікті арттырады.

Қазақстан Республикасында Тұрақты даму мақсаттарының мемлекеттік аудитіне қатысты

қабылданған нормативтік құқықтық актілер жоқ. Мемлекеттік аудит органдары бұл салада аудиторлық іс-шаралар жүргізбеген. Бұл Қазақстандағы Тұрақты даму мақсаттарына жетудегі мәселелерді анықтау және ТДМ орындауға бөлінетін бюджет қаражатының тиімді атқарылуын бағалаудың төмен деңгейде екендігін білдіреді.

А.Г.Монтеро мен Д. ле Бланк ТДМ аудитінің негізгі мәселелерін институционалды, техникалық, саяси, коммуникациялық және коллаборациялық деп бөледі [Monteroa A.G., Le Blanc D., 2019].

Қазақстандағы ТДМ аудитін осы мәселелер тұрғысынан саралап көрейік.

1. Институционалды мәселелерге тоқталсақ, Қазақстанда ТДМ көрсеткіштерін жүзеге асыру және бақылау үшін жауапты органдардың рөлдері мен міндеттері толық анықталмаған. Жекелеген министрліктер мен ведомстволар өзара үйлесімді жұмыс істемегендіктен, міндеттер қайталануы немесе жауапкершіліктер назардан тыс қалуы мүмкін. Сонымен қатар, ТДМ аудиті үшін қажетті нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігі немесе нақты индикаторлармен интеграцияланбауы бұл бағыттағы жұмысты шектейді.

2. Техникалық мәселелер де айтарлықтай өзекті. Мемлекеттік аудит органдары қазіргі заманғы аналитикалық платформалар, деректерді визуализациялау құралдары және жасанды интеллектіні шектеулі деңгейде қолданылады. Бұл аудиттің жылдамдығы мен тиімділігін айтарлықтай төмендетеді. Сонымен қатар, елдің әртүрлі аймағында инфрақұрылымның даму деңгейінің әртүрлі болуы да үлкен проблема. Аудитті жүзеге асыру үшін жергілікті деңгейде ресурстар жеткіліксіз, бұл әсіресе ауылдық және шалғай аудандарда ТДМ индикаторларын өлшеуді қиындатады.

3. Саяси мәселелер Қазақстандағы ТДМ аудитінің тағы бір күрделі аспектісі болып табылады. Кейбір жағдайда, саяси басымдықтар мен ТДМ міндеттері арасында қайшылықтар пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ, ұлттық және жергілікті деңгейдегі саясаттың арасындағы байланыс жеткіліксіз болған жағдайда, аймақтық деңгейде ТДМ жүзеге асыру баяулайды.

4. Коммуникациялық мәселелер аудит нәтижелерінің ашықтығы мен тиімділігін төмендетеді. ТДМ аудиті бойынша ақпарат кең аудиторияға түсінікті түрде жеткізілмеуі мүмкін, бұл халықтың сенімін азайтады. Бұған қоса, азаматтық қоғамның аудит процесіне қатысу деңгейі төмен болғандықтан, қоғамдық пікірлер мен қажеттіліктер ескерілмеуі мүмкін.

5. Коллаборациялық мәселелерге келсек, мемлекеттік органдар мен жекеменшік сектордың арасында сенімді және нәтижелі серіктестікті орнату әлі де қиындық тудырады. Сонымен қатар, Қазақстан мен халықаралық ұйымдар арасындағы ынтымақтастық ТДМ аудитін жақсартуда айтарлықтай мүмкіндіктерге ие болса да, оны толығымен пайдалануға кедергілер бар. Бұл көбінесе ресурстар мен тәжірибе алмасудың шектеулілігіне байланысты.

Қазақстанда ТДМ аудитінің тиімділігін арттыру үшін институционалды реформалар жүргізу, деректер сапасын жақсарту, коммуникациялық стратегияларды жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту қажет. Бұл қадамдар елдің тұрақты дамуына бағытталған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді жеделдетеді.

Мемлекеттік мекемелермен қатар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мемлекеттің Тұрақты даму мақсаттарына жетуінде аса маңызды орынға ие. Қазақстанда ТДМ-на жету деңгейі бойынша жоғары нәтиже көрсететін Еуропа Одағы елдерімен салыстырғанда корпорациялардың Тұрақты даму туралы есептілігін қадағалайтын нормативтік құқықтық актілер жетіспейді. Еуропа Одағының корпоративті тұрақтылық бойынша есеп беру директивасы компанияларға екі негізгі міндет жүктейді:

1. Жылдық басқару есебінде Тұрақты даму саласы туралы ақпарат болуы керек.
2. Тұрақты даму туралы есептерді аудитор немесе басқа уәкілетті бақылаушы тексеруі керек [Ruohonen J., Kullas H., 2024].

Қазақстанда бірқатар квазимемлекеттік сектор субъектілері жыл сайын жұртшылыққа

тұрақтылық бойынша есептіліктерін ұсынады. Алайда елімізде бұл есептіліктерді тұрақты түрде жүргізу мен тексеруді реттейтін нормативтік құжаттар жоқ.

Қорытынды

Тұрақты даму мақсаттарының аудиті мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен есептілігін арттыруға ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Бұл аудит үкіметтік бағдарламалардың тиімділігін бағалауға, ұлттық даму басымдықтарын халықаралық стандарттармен сәйкестендіруге және азаматтық қоғамның белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоғары аудит органдарының халықаралық ұйымы (INTOSAI) және оның өңірлік ұйымдары, соның ішінде EUROSAI Тұрақты даму мақсаттарының аудитін жүргізу бойынша нақты әдістемелер мен ұсыныстар әзірлеген. Олардың тәжірибесі ұлттық үкіметтердің Тұрақты даму мақсаттарына дайындығын бағалауға, тиімділік аудиттерін жүргізуге және ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған. Финляндия, Түркия, Ресей сияқты елдердің аудиттік тәжірибелері нормативтік құқықтық негізді, есептілік механизмдерін талдауға негізделген. Бірқатар Тұрақты даму мақсаты бойынша күрделі мәселелері бар ел ретінде Қазақстанның алдында осы саладағы халықаралық тәжірибені ескере отырып, бұл салада мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және мемлекеттік аудит органдарының міндеттері мен жауапкершілігін бекітетін нормативтік құқықтық актілер дайындау міндеті тұр. Осы арқылы Қазақстан Тұрақты даму мақсаттарына жету процесін ілгерілете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- The 17 goals. *United Nations* [Электрондық ресурс]: URL: <https://sdgs.un.org/goals> (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- ҚР ҰҚ (2017) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: *ҚР Үкіметінің қауылысы*, 790, 29 қараша [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790> (өтінім берілген күні: 31.01.2025).
- INTOSAI (2022) Strategic Plan 2023-2028. *International organization of Supreme audit institutions* [Электрондық ресурс]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/news/2022/08/310822_EN_2023-2028_INTOSAI_Strategic_Plan.pdf (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- INTOSAI (2023) *Practical Guidance on Sustainable Development Goals Audit at the Regional Level*. [Электрондық ресурс]: URL: https://intosairussia.org/images/reports/WGSDGKSDI/WGSDG_KSDI_Practical_Guidance_on_SDG_Audit_at_the_Regional_Level.pdf (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- EUROSAI Project Group (2023) UN-SAI country-level collaboration on SDG audits: *Recommendations for auditors* [Электрондық ресурс]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/focus_areas/SDG_atlas_reports/Turkey/Tuerkiye_2023_E_FuRep_EUROSAI_UN-SAI_COUNTRY_LEVEL.pdf (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- National Audit Office of Finland (2019) Promoting sustainable development. *Performance audit report*, 14, 60 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/focus_areas/SDG_atlas_reports/Finland/Finland_2019_E_prep_FuRep.pdf (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- Turkish Court of Accounts (2020) *Assessment of the preparation process for implementing the sustainable development goals* [Электрондық ресурс]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/focus_areas/SDG_atlas_reports/Turkey/Turkey_2020_E_prep_FuRep.pdf (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- Accounts Chamber of the Russian Federation (2020) Analysis of the Public Governance System for the Implementation of the Agenda for Sustainable Development in 2019 and the Elapsed Period of 2020 *Report on the Results of the Audit* [Электрондық ресурс]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/focus_areas/SDG_atlas_reports/Russian_Federation/Russia_2020_E_prep_FuRep.pdf (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- Sustainable development report rankings* (2024) Paris [Электрондық ресурс]: URL: <https://dashboards.sdgindex.org/rankings> (өтінім берілген күні: 29.01.2025).

- Sustainable development report country profile Kazakhstan (2024) *Kazakhstan. Eastern Europe and Central Asia* [Электрондық ресурс] URL: <https://dashboards.sdindex.org/profiles/kazakhstan> (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- БҰҰ Қазақстан (2025) Тұрақты даму мақсаттары бойынша жұмысымыз *Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстан* [Электрондық ресурс]: URL: <https://kazakhstan.un.org/kk/sdgs> (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- Monteroa A.G., Le Blanc D. (2019) The role of external audits in enhancing transparency and accountability for the Sustainable Development Goals. *DESA Working Paper*, 157 ST/ESA/2019/DWP/157 [Электрондық ресурс] URL: <https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/2020/08/1597341825.2797.pdf> (өтінім берілген күні: 29.01.2025).
- Ruohonen J., Kullas H. (2024) The Assurance of Corporate Sustainability Reports and the Renewed Role of Certified Auditors. *European Company and Financial Law Review*, 21 (3-4), 442-471. DOI: <https://doi.org/10.1515/ecfr-2024-0013> [Электрондық ресурс] URL: <https://www.degruyter.com/document/doi/10.1515/ecfr-2024-0013/html> (өтінім берілген күні: 29.01.2025).

References

- The 17 goals. *United Nations* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://sdgs.un.org/goals> (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- KR UK (2017) Kazakstan Respublikasyndagy memlekettik zhosparlau zhujesin bekitu turaly. *KR Ukimetinin kauylsyy*, 790, 29 karasha [Elektrondyk resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790> (otinin berilgen kuni: 31.01.2025).
- INTOSAI (2022) Strategic Plan 2023-2028. *International organization of Supreme audit institutions* [Elektrondyk resurs] URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/news/2022/08/310822_EN_2023-2028_INTOSAI_Strategic_Plan.pdf (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- INTOSAI (2023) *Practical Guidance on Sustainable Development Goals Audit at the Regional Level*. [Elektrondyk resurs]: URL: https://intosairussia.org/images/reports/WGSDGKSDI/WGSDGKSDI_Practical_Guidance_on_SDG_Audit_at_the_Regional_Level.pdf (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- EUROSAI Project Group (2023) UN-SAI country-level collaboration on SDG audits: *Recommendations for auditors* [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/focus_areas/SDG_atlas_reports/Turkey/Tuerkiye_2023_E_FuRep_EUROSAI_U_N-SAI_COUNTRY_LEVEL.pdf (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- National Audit Office of Finland (2019) Promoting sustainable development. *Performance audit report*, 14, 60 [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/focus_areas/SDG_atlas_reports/Finland/Finland_2019_E_prep_FuRep.pdf (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- Turkish Court of Accounts (2020) *Assessment of the preparation process for implementing the sustainable development goals* [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/focus_areas/SDG_atlas_reports/Turkey/Turkey_2020_E_prep_FuRep.pdf (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- Accounts Chamber of the Russian Federation (2020) Analysis of the Public Governance System for the Implementation of the Agenda for Sustainable Development in 2019 and the Elapsed Period of 2020 *Report on the Results of the Audit* [Elektrondyk resurs]: URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/focus_areas/SDG_atlas_reports/Russian_Federation/Russia_2020_E_prep_FuRep.pdf (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- Sustainable development report rankings* (2024) Paris [Elektrondyk resurs]: URL: <https://dashboards.sdindex.org/rankings> (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- Sustainable development report country profile Kazakhstan (2024) *Kazakhstan. Eastern Europe and Central Asia* [Elektrondyk resurs]: URL: <https://dashboards.sdindex.org/profiles/kazakhstan> (otinin berilgen kuni: 29.01.2025).
- BUU Kazakstan (2025) Turakty damu maksattary bojnsha zhumysymyz. *Birikken Ulttar Uymy*

Kazakstan [Elektrondyk resurs]: URL: <https://kazakhstan.un.org/kk/sdgs> (otininim berilgen kuni: 29.01.2025).

Monteroa A.G., Le Blanc D. (2019) The role of external audits in enhancing transparency and accountability for the Sustainable Development Goals. *DESA Working Paper*, 157 ST/ESA/2019/DWP/157 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.un.org/sites/un2.un.org/files/2020/08/1597341825.2797.pdf> (otininim berilgen kuni: 29.01.2025).

Ruohonen J., Kullas H. (2024) The Assurance of Corporate Sustainability Reports and the Renewed Role of Certified Auditors. *European Company and Financial Law Review*, 21 (3-4), 442-471. DOI: <https://doi.org/10.1515/ecfr-2024-0013> [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.degruyter.com/document/doi/10.1515/ecfr-2024-0013/html> (otininim berilgen kuni: 29.01.2025).

Государственный аудит Целей устойчивого развития

¹А.Ыбрай, ¹Б.А.Алибекова

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан)

Аннотация

В данной статье рассматривается роль государственного аудита в реализации Целей устойчивого развития. Цели устойчивого развития – это программа, принятая Организацией Объединенных Наций, направленная на обеспечение сбалансированного развития в социальной и экономической сферах, а также в сфере охраны окружающей среды. Выполнение этих целей является важным условием долгосрочного развития любой страны. Государственный аудит – это важный инструмент для достижения этих целей, который позволяет контролировать эффективное и прозрачное использование ресурсов, а также оценивать эффективность действий, направленных на достижение Целей устойчивого развития. В результате государственного аудита можно оценить эффективность документов системы государственного планирования в реализации повестки устойчивого развития. В статье анализируются практики Высших органов аудита Финляндии, Турции и России, внедривших государственный аудит Целей устойчивого развития в свою деятельность. Также анализируются показатели достижения Казахстаном Целей устойчивого развития и рассматриваются пути их улучшения.

Ключевые слова: Цели устойчивого развития, Организация Объединенных Наций, государственный аудит, международная практика, подотчетность, эффективность.

Public Audit of Sustainable Development Goals

¹A.Ybray, ¹B.A.Alibekova

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)

Abstract

This article discusses the role of public audit in the implementation of the Sustainable Development Goals. The Sustainable Development Goals are a program adopted by the United Nations aimed at ensuring a balance between social-economic development and environmental protection. Achieving these goals is a prerequisite for the long-term development of any country. Public audit is an essential tool in reaching these goals, as it monitors the effective and transparent use of resources and helps determine the effectiveness of actions aimed at achieving the Sustainable Development Goals. As a result of public audit, the efficiency of state planning system documents in implementing the sustainable development agenda can be evaluated. The article analyses the experiences of the Supreme Audit Institutions of Finland, Turkey and Russia, which have integrated public audit of Sustainable Development Goals into their practice. It also examines Kazakhstan's progress towards achieving the Sustainable Development Goals and explores ways to improve these indicators.

Keywords: Sustainable Development Goals, United Nations, public audit, international practice, accountability, efficiency.

Поступила в редакцию: 30.01.2025

Одобрена: 18.03.2025

Первая публикация на сайте: 13.08.2025